

## Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылау жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 17 мамырдағы N 214 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 2 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2339. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 1 наурыздағы N 87 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 1 наурыздағы N 87 бұйрығымен .*

*-----Бұйрықтан үзінді-----*

*Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:*

*1. Мынадай бұйрықтардың күші жойылсын деп есептелсін:*

*2) "Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылау туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2339 нөмірімен тіркелген 2004 жылғы N 37-40 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде 1014-құжат болып жарияланған) Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 17 мамырдағы N 214 бұйрығы...*

*Ескерту: 1-тармақтың 2) тармақшасына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Төрағасының 2006 жылғы 28 наурыздағы*

*N 1 2 2 б ұ й р ы ғ ы м е н .*

*4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

*Т ө р а ғ а*

*-----*  
Кедендік бақылау жүргізудің тиімділігін арттыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН :

1. Қоса беріліп отырған Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асырудың ережесі бекітілсін.

2. Кедендік кірістер департаменті (И.В. Тен) осы бұйрықтың іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың

мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары С.Ж. Мулкинге жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолдануға енгізіледі.

*Төраға*

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 17 мамырдағы  
N 214 бұйрығымен  
бекітілген

**Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін  
кедендік бақылауды жүзеге асырудың  
ЕРЕЖЕСІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы, Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асырудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 432-бабына сәйкес әзірленді және тауарлар мен көлік құралдарын экспорттау, еркін айналым үшін шығару кедендік режимдерінде, сондай-ақ басқа да кедендік режимдерінде шығарғаннан кейін кедендік бақылау жүргізудің (бұдан әрі - шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау) тәртібін айқындайды.

2. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелетін Қазақстан Республикасының заңнамасы және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары сақталмайды не толық көлемде сақталмайды деп есептеуге негіздемелер болған жағдайда аталған заңнама мен халықаралық шарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын мүмкін болатын бұзушылықтарды көрсететін деректер шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізуге негіз болып табылады. Мұндай деректер статистикалық ақпаратты, кеден декларацияларын және кеден мақсаттарындағы басқа да құжаттарды, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар (бұдан әрі - СЭҚ-қа қатысушылар) есебінің деректерін талдауды жүзеге асырудың нәтижесінде алынуы, не қазақстандық және шетелдік тұлғалардың хабарламалары мен мәлімдемелерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік

органдарынан, шетелдік мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың күзіретті органдарынан келіп түскен материалдарда болуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) басшысының, Агенттіктің аумақтық бөлімшесі басшысының немесе кеденнің басшысының (бұдан әрі - кеден органының басшысы) немесе олардың орынындағы адамдардың шешімі шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу үшін негіздеме болады.

5. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау туралы шешім (бұдан әрі - шешім) белгіленген нысан бойынша (1-қосымша) ресімделеді.

6. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды кеден органдарының қызметкерлерінен тұратын комиссия жүргізеді. Қажет болған жағдайда комиссияға құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері енгізілуі мүмкін.

7. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау бақыланатын тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін сыртқы экономикалық және кейінгі коммерциялық операцияларға тікелей немесе жанама қатысы бар, немесе шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізуге арналған қажетті құжаттары бар декларанттың, кез-келген өзге адамның (бұдан әрі - тексерілетін тұлға) болатын жерлерінде, сондай-ақ шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауға жататын тауарлар мен көлік құралдарының (бұдан әрі - бақыланатын тауарлар мен көлік құралдары) нақты болатын жерлерінде жүргізілуі мүмкін.

8. Егер шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу кезінде кеден органдарында өзге тұлғалардан бақыланатын тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін сыртқы экономикалық және кейінгі коммерциялық операциялар туралы құжаттар мен ақпараттар алу қажеттілігі туындаса кеден органы кедендік бақылау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді жазбаша және (немесе) электронды нысандарда сұрауға құқылы.

9. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізудің ұзақтығы отыз жұмыс күнінен аспауы керек. Тексеру жүргізу мерзімі шешімде көрсетіледі. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу мерзімінің ағымы шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу туралы шешімді тексерілетін тұлғаға не оның өкіліне берген сәттен басталады және комиссияның жүргізілген кедендік бақылаудың қорытындылары туралы актіге қол қойған сәтінде аяқталады. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізудің мерзімі тексерілетін тұлғаға не оның өкіліне құжаттарды ұсыну туралы кеден органының талаптарын тапсыру мен олардың сұрау салынған құжаттарды ұсыну сәттері арасындағы кезеңдерде, сондай-ақ кеден органының сұрау салуы бойынша мәліметтерді және құжаттарды алу сәтінде тоқтатыла тұрады.

Егер, тексерілетін субъектінің Қазақстан Республикасының шығарғаннан

кейінгі бақылауды жүзеге асыратын кеден органының қызмет аймағынан тыс құрылымдық бөлімшесі болған жағдайда, мұндай кедендік бақылауды жүргізу мерзімі алпыс жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін.

10. Кеден органдары біріккен немесе жеке түрде шығарғаннан кейінгі кедендік бақылаудың мынадай нысандарын қолданады:

1) кеден декларациясын, шығарғаннан кейінгі құжаттар мен мәліметтерді тексеру ;

2) тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін қарау;

3) тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік тексеру;

4) түсініктеме алу .

Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу үшін кеден органдары кедендік бақылаудың Кеден кодексінің 441-бабында көзделген нысандарын қолдануы мүмкін.

## **2. Кеден декларациясын, шығарғаннан кейінгі құжаттар мен мәліметтерді тексеру**

11. Кеден декларациясын, шығарғаннан кейінгі құжаттар мен мәліметтерді тексеру кеден органының тұрған жерінде құжаттардың түпнұсқалығын және мәліметтердің шүбәсіздігін белгілеу мақсатында жүргізіледі.

12. Кеден органы тексерілетін тұлғадан не оның өкілінен құжаттардың түпнұсқалығын және кеден декларациясында және тауарға ілеспе құжаттарда, сондай-ақ кедендік мақсатта қажетті өзге құжаттарда көрсетілген мәліметтердің шүбәсіздігін растайтын қосымша мәліметтерді, түсініктемелер және құжаттар талап етуге құқылы.

13. Бухгалтерлік, тауарлық, есептік, төлемдік, сақтандыру, көліктік, түсірушілік, экспедициялық, қоймалық, кедендік және басқа да құжаттар тексеруге жатады.

14. Тауарлармен және көлік құралдарымен жүргізілетін сыртқы экономикалық және кейінгі коммерциялық операцияларға қатысты коммерциялық құжаттар мен басқа да ақпараттарды тексеру Кеден кодексінде көзделген кедендік бақылаудың нысандарын қолданумен бірге жүргізілуі мүмкін .

15. Комиссияның төрағасы тексерілетін тұлғадан не оның өкілінен тексеруге арналған қажетті құжаттарды белгіленген нысан бойынша (2-қосымша) талап етуге құқылы.

16. Құжаттарды ұсыну туралы сұрау салу жіберілген тұлға оларды кеден органына ауызша және (немесе) жазбаша, және (немесе) электронды нысандарда ұсыну керек .

Құжаттардың ұсынылуы белгіленген нысандағы (3-қосымша) қабылдау-беру актісімен ресімделеді.

17. Құжаттарды тексеру жаппай немесе іріктемелік тәсілмен жүргізіледі. Егер іріктемелік тексеру кезінде кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың белгісі айқындалса, онда тексеру жаппай тәсілмен жүргізіледі.

### **3. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін қарау**

18. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін қарау (бұдан әрі - шығарғаннан кейін қарау) олардың іс жүзінде бар-жоқтығын айқындау, кеден органының қарауындағы деректермен, бухгалтерлік, қоймалық, тексерілетін тұлғаның жедел есебінің деректерімен, кеден декларациясында және тауарға ілеспе құжаттардағы мәліметтермен салыстыру мақсатында жүргізіледі.

19. Шығарғаннан кейін қарау олардың нақты тұратын жерінде немесе кеден органдарындағы деректер бойынша ол тауарлар мен көлік құралдары тұруы тиіс не тұруы мүмкін жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тексерілетін тұлғаның не оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

20. Шығарғаннан кейін қарау туралы мәліметтер екі данадан кем емес жасалатын тізімдемеге енгізіледі. Тізімдемелерді жасау үшін түгендеу тізімдемелерінің бірізді нысандарының бланкілері қолданылуы мүмкін. Тауарлар мен көлік құралдарының тізімдемесін толтыру белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі.

21. Тексерілетін тұлға не оның өкілі шығарғаннан кейін қарау басталғанға дейін комиссияға есеп жүргізу деректері бойынша тексерудің басталуы сәтінде тауарлар мен көлік құралдарын қарауға негіз болатын, комиссияның төрағасы қол қоятын соңғы кіріс және шығыс құжаттарын ұсынады.

22. Комиссия материалдық жауапты тұлғалардың қатысуымен міндетті түрде оларды қайта санау, өлшеу, таразылау жолымен тауарлар мен көлік құралдарын қарайды. Тізімдемелерге тауарлар мен көлік құралдары туралы деректерді материалдық жауапты тұлғалардың сөздерінен немесе оларды іс жүзінде қарамастан есептеу деректері бойынша енгізуге болмайды.

23. Комиссия қаралған тауарлар мен көлік құралдары туралы деректерді тізімдемелерге енгізудің толықтығын және нақтылығын, қарау материалдарының дұрыс және уақытылы ресімделуін қамтамасыз етеді.

24. Тексерілетін тұлға не оның өкілі шығарғаннан кейін толық және нақты қарауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды (жүктік және өзге де операцияларды жүргізу мүмкіндігін). Тауарлармен және көлік құралдарымен жүктік және өзге де операциялар кеден органы үшін қандай-да бір қосымша шығыстарды әкелмеуі тиіс.

25. Тізімдемелерге тауарлар түрі, мөлшері, құны, өлшем бірлігі және басқа да қажетті деректер көрсетіле отырып әрбір жеке атауымен енгізіледі.

Көлік құралдары тізімдемелерге көлік құралының маркасы, шығарылған жылы, двигателінің көлемі, құны, тіркелетін нөмірлік белгілері және кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіле отырып жеке-жеке енгізіледі. Автопоезд құрамындағы сүйрегіш және тіркеме бірге көрсетіледі.

Жеткізушінің бүлінбеген орамасында сақталған тауарлардың мөлшері құжаттардың және бұл тауарлардың бір орамадағы тауарлардың мөлшерін айқындауға мүмкіндік беретін міндетті іріктемелік тексеру кезіндегі арифметикалық есептеулердің негізінде айқындалуы мүмкін. Үйлетін және құйылатын тауарлардың көлемін (мөлшерін) өлшеуіштердің және техникалық есептеулердің негізінде айқындауға рұқсат етіледі.

26. Шығарғаннан кейін қарау кезінде, жұмыстағы үзілістерде комиссия көрсетілген тауарлар мен көлік құралдары тұратын үй-жайды сүргілей алады.

27. Шығарғаннан кейін қарау процесінде тауарлардың жіберілуі, ал көлік құралдарының жөнелтілуі мүмкін, бұл ретте осы тауарлар мен көлік құралдары жеке тізімдемеге енгізіледі. Шығыс құжаттарында комиссияның төрағасы немесе комиссия мүшесі қол қоятын тиісті белгі соғылады.

28. Тізімдемелерге барлық комиссия мүшелері және тексерілетін тұлға не оның тексеруге қатысқан өкілі қол қояды. Тексерілетін тұлға не оның өкілі тізімдемелерге қол қоюдан бас тартқан жағдайда оларға кем дегенде екі куәгердің қатысуымен жазба жасалады. Тексерілетін тұлға не оның өкілі жазған түсініктемелер мен ескертулер, сондай-ақ тізімдемелерге қол қоюдан бас тартудың себептері тізімдемелерге қосылады.

#### **4. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік тексеру**

29. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік тексеру декларациялау кезінде мәлімделген тауарлар мен көлік құралдары туралы мәліметтердің тауарлар мен көлік құралдары туралы іс жүзіндегі деректерге сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізіледі.

30. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік тексеру тауарлар мен көлік құралдарының тұрған жерлерінде жүргізіледі.

31. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін кедендік тексеруді жүргізу Кеден кодексінің 447-бабына сәйкес жүргізіледі.

#### **5. Түсініктеме алу**

32. Шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде кеден органының лауазымды адамдары декларанттардан және шығарғаннан кейін кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін маңызы бар жағдайлар туралы мәліметтерді және кеден ісі саласындағы қажетті ақпараттарды білетін өзге де адамдардан түсініктеме алуға құқылы.

Түсініктеме жазбаша нысанда ресімделеді. Түсініктеме алу үшін адамды



шақыру туралы хабарламаға тиісті кеден органының басшысы қол қояды және шақырылатын адамға қол қою арқылы тапсырылады.

## **6. Қорытынды ережелер**

33. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу барысында кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар табылған кезде Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шаралар қолданылады.

34. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізудің нәтижелері бойынша оны жүргізудің белгіленген мерзімі өткенге дейін комиссия белгіленген нысанда (4-қосымша) шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау актісін жасайды.

35. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау актісіне қоса:

1) тексерілетін тұлғаның не оның өкілінің оны алғандығы туралы белгісімен (нұсқаманың екінші данасы қолхатпен тексерілетін тұлғаға не оның өкіліне беріледі) кеден органы бастығының шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау жүргізілгендігі туралы нұсқамасы;

2) нақтыланған негізделген кеден төлемдері, салықтары, айыппұл және өсімдер бойынша есептеулер (көрсетілген есептеулер актінің мәтінінде жазылған жағдайда) қоспағанда);

3) шығарғаннан кейін қараудың тізімдемелері;

4) шығарғаннан кейін кедендік тексерудің актілері (оны жүргізген жағдайда);

5) кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтар туралы жасалған хаттамалардың көшірмелері (олар жасалған жағдайда) берілуі тиіс.

36. Актіге қоса сондай-ақ:

1) кеден заңнамасын бұзу, кеден декларациясында мәлімделген мәліметтердің шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу барысында алынған деректерге сәйкес келмеуі, фактілердің бар-жоқтығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) тексерілетін тұлғаның басшысы қол қойған банктердегі есептік, ағымдағы және өзге де шоттардың бар-жоқтығы туралы анықтама;

3) ұйымның құрылған (қайта тіркелген) күніндегі және тексерудің басталған күніндегі жарғылық капиталы туралы, оның құрылымдық толықтығы, Қазақстан Республикасының қатысу үлесін көрсете отырып құрушылар құрамы, Қазақстан Республикасының, қоғамдық және діни ұйымдардың (бірлестіктердің), қайырымдылық және өзге де қорлардың, шетелдік және жеке тұлғалардың субъектілері және басқалар туралы анықтама;

4) тексерілетін тұлғаның басшысы қол қойған ұйымның негізгі аумағынан тысқары орналасқан өндірістік және қоймалық үй-жайлардың, сауда нүктелерінің өкілдіктерінің филиалдары және өзге де оқшауланған бөлімшелерінің тұрған жері туралы анықтама;

5) актіде көрсетілген кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың белгілерін растайтын мәні бар басқа да материалдар берілуі мүмкін.

37. Актіге шығарғаннан кейін кедендік бақылау жүргізген комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

38. Актіні біреуі кеден органының іс қағаздарында қалатын, ал екіншісі тексерілетін тұлғаға қолхатпен берілетін не оған пошта арқылы жіберілетін екі данада жасалады.

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі  
төрағасының  
2003 жылғы 17 мамырдағы  
N 214 бұйрығымен бекітілген  
Тауарлар мен көлік құралдарын  
шығарғаннан кейінгі кедендік  
бақылауды жүзеге асырудың  
ережесіне

1-қосымша

Кеден органының  
жалпы бланкісінде

**Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан  
кейін кедендік бақылау жүргізу туралы**

**N \_\_\_\_ шешім**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы

(елді мекеннің атауы) (күні)

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 432-бабының негізінде

(кеден органы бастығының (бастығы орынбасарының) аты-жөні,

арнаулы атағы)

қаулы етті:

1. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мәселелері бойынша

\_\_\_\_\_ мен \_\_\_\_\_ аралығында \_\_\_\_\_

(тексерілетін тұлғаның атауы, СТН, МҰЖК коды, мекен-жайы)  
тексеру жүргізілсін.

2. Тексеру жүргізу кезінде кедендік бақылаудың мынадай нысандары:

( \_\_\_\_\_  
тексеру жүргізу кезінде қолдануға жататын кедендік бақылаудың  
нысандары )



қолдануды.

3. Тексеру \_\_\_\_\_ мерзім ішінде жүргізілсін.

4. Тексеру жүргізу мынадай құрамдағы комиссияға тапсырылсын:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

(лауазымдары, арнаулы атақтары, аты-жөндері)

Бастық (бастықтың орынбасары)

-----

\_\_\_\_\_ (арнаулы атағы) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Мердің орыны

Кедендік бақылау жүргізу туралы шешіммен таныстым:

\_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлға бастығының аты-жөні) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (күні)

Қазақстан Республикасының

Кедендік бақылау агенттігі

төрағасының

2003 жылғы 17 мамырдағы

№ 214 бұйрығымен бекітілген

Тауарлар мен көлік құралдарын

шығарғаннан кейінгі кедендік

бақылауды жүзеге асырудың

ережесіне

2-қосымша

Кеден органының

жалпы бланкісінде

\_\_\_\_\_ басшысына

(тексерілетін тұлғаның атауы)

**Кедендік бақылауды жүргізуге**

**арналған құжаттарды ұсыну туралы**

**№ \_\_\_\_\_ талап**

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы

\_\_\_\_\_ (елді мекеннің атауы) \_\_\_\_\_ (күні)

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 435-бабының негізінде  
кедендік бақылау жүргізуге арналған қажетті:

\_\_\_\_\_ құжаттарды ұсынуды талап етемін.

Б а р л ы ғ ы \_\_\_\_\_ п а р а қ .

(олардың нақты санын анықтау мүмкін болған жағдайда)

Құжаттарды \_\_\_\_\_ дейін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекен-жайына жіберілсін.

-----  
(комиссия төрағасының лауазымы, арнаулы атағы)

-----  
(қолы) (аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлға бастығының аты-жөні)

талапты \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы алдым.

-----  
(қолы)

Қазақстан Республикасының  
Кедендік бақылау агенттігі

т ө р а ғ а с ы н ы ң

2003 жылғы 17 мамырдағы

N 214 бұйрығымен бекітілген

Тауарлар мен көлік құралдарын

шығарғаннан кейінгі кедендік

бақылауды жүзеге асырудың

е р е ж е с і н е

3-қосымша

**Кедендік бақылауды жүргізуге**  
**арналған құжаттарды қабылдау-берудің**

**N№ \_\_\_\_\_ актісі**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы

\_\_\_\_\_ (елді мекеннің атауы)

\_\_\_\_\_ (күні)

Мен, \_\_\_\_\_

(құжаттарды беруші тұлғаның лауазымы, аты-жөні)

кедендік бақылауға арналған құжаттарды ұсыну туралы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

жылғы N \_\_\_\_\_ талапқа сәйкес \_\_\_\_\_

(құжаттарды қабылдаған кеден органы қызметкерінің лауазымы, арнаулы атағы, аты-жөні)

\_\_\_\_\_ мынадай құжаттардың:  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта  
 \_\_\_\_\_ парақта

расталған көшірмелері мен түпнұсқаларын бердім.  
 Барлығы \_\_\_\_\_ парақ, оның ішінде көшірмелер \_\_\_\_\_ парақ, түпнұсқалар \_\_\_\_\_ парақ.

Бердім: \_\_\_\_\_  
 (лауазымы) (қолы) (аты-жөні)

Қабылдап алдым: \_\_\_\_\_  
 (лауазымы, арнаулы атағы) (қолы) (аты-жөні)

**Қазақстан Республикасының  
 Кедендік бақылау агенттігі  
 төрағасының  
 2003 жылғы 17 мамырдағы  
 N 214 бұйрығымен бекітілген  
 Тауарлар мен көлік құралдарын  
 шығарғаннан кейінгі кедендік  
 бақылауды жүзеге асырудың  
 ережесіне  
 4-қосымша  
 Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан  
 кейінгі кедендік бақылау жүргізудің  
 N№ \_\_\_\_\_ актісі**

\_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлғаның толық және қысқаша атауы, СТН, МҰЖК коды)

\_\_\_\_\_ (елді мекеннің атауы)

\_\_\_\_\_ (акті жасалған күн)

\_\_\_\_\_ бастығының (бастығы орынбасарының)

\_\_\_\_\_ (кеден органының атауы)

\_\_\_\_\_ дағы №N \_\_\_\_\_ шешімінің негізінде

\_\_\_\_\_ (шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізген

\_\_\_\_\_ қызметкерлердің лауазымдары, арнаулы атақтары, аты-жөндері)

\_\_\_\_\_ құрамдағы комиссия

\_\_\_\_\_ мерзім ішінде

\_\_\_\_\_ (шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізудің мақсаты)

\_\_\_\_\_ мәселелер бойынша тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізді.

Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің \_\_\_\_\_ 432-бабының негізінде жүргізілді.

1. Бақылау \_\_\_\_\_ басталып \_\_\_\_\_ аяқталды.

2. Тексерілген кезеңде ұйымның лауазымды тұлғалары (басшы, бас бухгалтер не олардың міндетін атқарушы тұлғалар)

\_\_\_\_\_ (лауазымының атауы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

\_\_\_\_\_ болып табылды.

\_\_\_\_\_ (лауазымының атауы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

3. Тексерілетін тұлғаның тіркелген орыны: \_\_\_\_\_

Қызметті жүзеге асыру орыны \_\_\_\_\_ (тексерілетін тұлға өз қызметін мемлекеттік

\_\_\_\_\_ тіркелген орынында жүзеге асырмаған жағдайда көрсетіледі)

4. Шығарғаннан кейінгі кедендік бақылау кедендік бақылаудың мынадай нысандарын қолдану арқылы жүргізілді \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (кедендік бақылаудың қолданылған нысандары, ұсынылған құжаттарды

тексеру \_\_\_\_\_

т ә с і л д е р і )

Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейін қараудың тізімдемесі \_\_\_\_\_ парақта, қайта кедендік тексерістің актілері \_\_\_\_\_ парақта қоса беріліп отыр.

5. Тауарлар мен көлік құралдарын шығарғаннан кейінгі кедендік бақылауды жүргізу \_\_\_\_\_ барысында :

\_\_\_\_\_ белгіленді.

Кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтардың анықталған белгілері бойынша анықталған құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасалды; N \_\_\_\_\_ .

Хаттамалардың \_\_\_\_\_ парақтағы көшірмелері қоса беріліп отыр.

6. \_\_\_\_\_ Қ о р ы т ы н д ы

7. Кедендік бақылауды жүргізудің нәтижесінде барлығы:

8. \_\_\_\_\_ мың теңге кедендік төлемдер мен салықтардың төленбеуі (толық төленбеуі) \_\_\_\_\_

9. \_\_\_\_\_ анықталды.

(тексеруде анықталған өзге де құқық бұзушылықтардың белгілері туралы басқа да мәліметтер жалпылама түрде келтіріледі)

10. Жүргізілген кедендік бақылаудың нәтижелері бойынша: \_\_\_\_\_ ұсынылады.

(комиссияның анықталған кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстары келтіріледі)

11. \_\_\_\_\_ Қ о с ы м ш а \_\_\_\_\_ парақта.

Комиссия мүшелерінің \_\_\_\_\_ қолдары

\_\_\_\_\_ (лауазымы, арнаулы атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, арнаулы атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, арнаулы атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (аты-жөні)

-----  
( лауазымы, арнаулы атағы )

-----  
(қолы) (аты-жөні)  
Актінің данасын \_\_\_\_\_ қосымшаларымен алдым:  
( қ о с ы м ш а л а р д ы ң с а н ы )

Б а с т ы қ :

-----  
(тексерілетін тұлғаның толық атауы)

-----  
(қолы) (аты-жөні) (күні)